

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Түркология ғылыми-зерттеу институты  
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті



# ӘДІЛЕТ ДЕП БАТЫРЛЫҒЫН АҚЫНДЫҚ ПЕН ҚАЙРАҒАН

Жаынгер ақын Мәделіқожа Жүсіпқожаұлының  
200 жылдық мерейтойына арналған  
халықаралық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ



23-24 қыркүйек - 2016 жыл



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ  
Түркология ғылыми-зерттеу институты  
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті



## ӘДІЛЕТ ДЕП БАТЫРЛЫҒЫН АҚЫНДЫҚПЕН ҚАЙРАҒАН

Жауынгер ақын Мәделіқожа Жүсіпқожаұлының  
200 жылдық мерейтойына арналған  
халықаралық конференция материалдарының жинағы

23-24 қыркүйек 2016 жыл



Шымкент-2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5 Каз)

Ә25

«Әділет деп батырлығын ақындықпен қайраған»: жауынгер ақын Мәделіқожа Жүсіпқожаұлының 200 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция материалдарының жинағы. Шымкент қаласы, 2016. – 236 бет

ISBN 978-601-243-827-7

«Әділет деп батырлығын ақындықпен қайраған» атты жауынгер ақын Мәделіқожа Жүсіпқожаұлының 200 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция материалдарының жинағына Оңтүстік өңірінде азаттық туралы жырлаған ақындар шығармашылығы, соның ішінде 1856 жылғы көтеріліс басшыларының бірі Мәделіқожа Жүсіпқожаұлының өмірі мен өнері, батырдың туған елім деп атқарған ерлік істері зерттеліп, ақын өмір сүрген заман, қоғам өмірінде орын алған түрлі жағдайларды жан-жақты қарастырып, талдау жасалған баяндамалар енгізілді. Сонымен бірге тәуелсіздік рухын дәріптеуге негізделген бұл іс-шарада педагогикалық, теологиялық т.б. салалар да қамтылған.

Конференцияны ұйымдастыру алқасы:

У.С. Әбдібеков, М. Куталмыш, Т.П. Раимбердиев, С.Р. Боранбаев, Т. Жүнісов, А.Ю. Балтабаева, Е.Ә. Оспанов, Б. Әбжет, А. Смайлов, Ә.Б.Өмір, М.Б. Аширов, С. Батырбеков, Б. Шаншарханов, Ж. Танауова, Р.А. Досжан, Н.Е. Бабаев.

Конференцияның бас демеушісі – Асқар Аппазұлы Ыдырыс

## Жұмашай РАҚЫШ

филология ғылымдарының кандидаты  
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
аға ғылыми қызметкері /Алматы



### МӘДЕЛІ ЖҮСІПҚОЖАҰЛЫНЫҢ «ХИУА ЖОРЫҒЫ» ДАСТАНЫ

Мәделі Жүсіпқожаұлының «Хиуа жорығы» дастаны «Түркістан уәлаяты газетінің» 1875 жылы 11 июль, 25 июль, 9 август күнгі № 17, 18, 19 сандарында «Шымкент оязына қараған Мәделіқожа деген ақынның Сырдария облысының уаенный губернаторы Калауашовтың Хиуаға барғаны тақырыпта шығарған өлеңі» деген атпен жарияланды. Шығармада 1873 жылы болған оқиға баяндалады [1, 254-258, 259-261, 266-268].

«Хиуа жорығы» дастаны М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары Үшкілтай Сұбханбердина, Пәкизат Әуесбаева, Тоқтар Әлібек, Серікбай Қосан және Тоқжан Әкімова құрастырған «Түркістан уәлаятының газеті» жинағында 2003 жылы жарық көрді. Түркістан өлкесі генерал-губернаторының ресми органы «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде Тәшкен қаласында 1870-1882 жылдар аралығында шығып тұрған қазақ тіліндегі тұңғыш басылым болатын. Құрастырушылардың бірі С.Қосанның «Сыздық сұлтан мен Сыр сүлейлері» атты зерттеу мақаласынан кейін шығарма ғылыми айналымға қосылды [2].

Мәделіқожа мен Майлықожадай Қаратау атырабы ақындарының әдеби мұраларын жинап, зерттеуге бүкіл ғұмырын арнаған Әсілхан Оспанұлы «Қиуа жорығы жайында жыр» деген мақаласында осы шығарманың қайта жариялануын зор оқиғаға балаған екен [3, 203-211].

Ал халық қазынасын жинаушы, ақын, термеші Тұрсынәлі Айнабекұлы бұл дастанның Мәделінікі екеніне күманданған [4, 146]. Атрибуция (шығарманың авторлығын дәлелдеу) мәселесін былай қойғанда, дастан авторының Хиуа жорығына, фон Кауфман мен Головачев басқарған соғыс қимылдарына тікелей қатысқаны, сұрапыл соғыс суреттерін өз көзімен көргені анық.

«Қиуа жорығы» дастанының Әсілхан Оспанұлы 2003 жылғы

басылымның үстінен түзеткен (баласы Ералының айтуына қарағанда) нұсқасы 2007 және 2016 жылы қайта жарық көрді [3, 111-120; 4, 135-145].

Ресей империясы Хиуа жорығына аса зор мән берген, себебі бұған дейінгі талпыныстары 1717 және 1839 жылдары екі рет сәтсіздікке ұшырған [5, 24]. Талайдан ойластырылған Хиуаны жаулап алуға үлкен дайындықпен кірісіп, қарулы әскермен бірге түрлі ғылыми экспедицияларды жасақтап, ғылыми-топографиялық зерттеулер жүргізген. XIX ғасырда Ресейдің Орта Азияға экспансиясы күшейіп, қазақ жеріне ықпал жасауға бақталастық, хиуалықтардың ресейлік сауда керуендерін тонауы Ресей империясы мен Хиуа арасындағы жағдайды әбден ушықтырған. Сусымалы құмдар да Хиуа шекарасына берік қорған болды. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы К.П. фон Кауфманның Хиуаны бағындырған еңбегін патшалық Ресей жоғары бағалағаны белгілі [6].

Кавказ соғысы мен Түркістан жорығына қатысқан орыс генералы Н.Н.Головачев Хиуаға сахара арқылы қайта соғыс ашудың алдында Хиуа мен Әмударияға баратын жолды көріп шығу үшін 1871 жылы күзде қасына бірнеше адам алып Қызылқұмнан Мыңбұлаққа дейін барып, Еркебай арқылы Қазалыға қайтты. 1873 жылғы Хиуаға жорықтың сәтті болып жеңіске жетуінің сыры әскери басшылықтың жол қиыншылығымен жете таныстығына байланысты еді [7].

Ресей империясы Хиуа жорығындағы жеңісін тарих беттеріне мәңгі қалдыру мақсатында көп еңбек етті. Соғысқа тікелей қатысқан Бас штаб офицерлері мен Маңғышлақ округінен сол тұста орыс әскерилермен бірге шетелдік журналистер де соғыс күндерінен дерек беретін жолжазбалар қалдырған. «Гражданин» саяси-әдеби газет-журналы мен «Нива» журналы бетінде соғыс қимылдарынан ақпараттар жүйелі түрде берілді.

«Түркістан уәлаяты газетінің» 1873 жылғы бірнеше санында «Хиуадан келген хабар» деген айдармен майдан даласынан мәліметтер тұрақты жарияланып тұрған [1, 134-137, 141-143, 144-147, 149-150].

Дастан кейіпкерлері: генерал-губернатор фон Кауфман, уаенный губернатор Калауашов (Головачев), Бұқардың падишасы, Сыздық төре, Мәтінияз, Мәтімұрат, Иуанов (полковник Иванов), Молдабай, Атамұрад хан, Атамұрад ханның інісі, ақ патша, ақ патшаның жиені кінәз сияқты тарихи тұлғалардың Хиуа жорығындағы салмағы қомақты көрінеді. Сонымен қатар Хиуа мен Петірбор қалаларының аты аталады, түрікпен, орыс, сарт секілді этнонимдер және салдат, сарбаз, әскер, мұсылман, диуанбегі, жасауыл, атты казак, әкімдер деген кәсіп пен діни сенімге қатысты атаулар оқиғаға нәр береді. Сондай-ақ Қилы өзені, Жызақ, Нүрек, Үшбен, Барыш, Сынтап, Темірқауық, Балта Саудыр, Қызылқұм, Үшбенді, Қосбелгі, Байментап, Аяққұдық, Арыслан бел, Қарақ ата тауы, Мыңшұқыр, Тамды, Қазалы, Гүжімді, Үшқұдық, Шеңгелді, Хал ата, Адам қырылған, Алты құдық, Үшошақ құмы, Сердабаның көлі, Аққамыс, Хезар асып, Шандыр, Қызыл тақыр, Шәмбілбел ойконимдер мен оронимдер шығармадағы оқиғаның шынайылығын айғақтай түседі.

Тарихи еңбектердегі мәліметтермен салыстырғанда дастанда баяндалатын жер-су атауларынан бастап, жол қиындығын суреттеген

көріністерге дейін шынайылығы аңғарылады. Әсіресе Д.Г. Колокольцовтың жорық күнделігінде 3 наурыз бен 29 мамыр аралығында Түркістан отрядының Жызақтан Әмударияға дейінгі аралықты жүріп өткені, әскери қақтығыстар мен жол қиындықтары егжей-тегжейлі баяндалады [8]. Арыстанбел құдығының түбінде 11 сәуірге дейін Тәшкен мен Қазалыдан келіп қосылатын әскери күшті күтеді [9, 397-416].

«Шұбап көшті болған соң су тапшылық,  
Ақыл тапты төрелер жайын біліп.  
Баймен тапты дегеннен көшкеннен соң,  
Онан соңғы қонған жері Аяққұдық.

Және ылау алдырып жолдағы елге,  
Барады су арттырып әскер шөлге.  
Одан арман қозғалып жүргеннен соң,  
Көшіп барып қонады Арысланбелге».

Ресми тұрғыда экспедиция деп аталған Хиуа жорығына Николай-І жиені князь Романовский Евгений Максимилианович, герцог Лейхтенбергский (1847-1901) мен Ұлы князь Николай Константинович (1850-1918) қатысқан [8]. Дастанда орыс әскерінің қалың қолы бірі Жызақ арқылы, бірі Маңғышлақ жағынан келіп қосылғаны, оның құрамында патшазаданың да болғаны суреттеледі:

«Тамдыға Қазалыдан атрад түсті,  
Екі тау біріккендей болды күшті.  
Ақ патшаның жиені кінәз келіп  
Екі әскер бір-біріне жолығысты».

Хиуа ханының екі інісі болған, бірін хан жақсы көрсе, екіншісін ұнатпаған, сол інісі хан қашып кеткенде генерал Кауфманға тақтан үміттеніп емеурін танытады [8, 64]. Дастанда тақтан үміткер Хиуа ханының інісі екі арғымақты орыс губернаторына сыйға тартқаны айтылған:

«Кеткен екен шаһарын тастап ханы,  
Иесіз қалып Қиуаның малы-жаны.  
Атамұрад інісі екі ат тартты  
Жайын айтып орысқа бағынғалы.

Атамұрад ханның ол інісі еді,  
Жайын сұрап хакімлер біліседі.  
Гүбірнатір келгенін қабыл алып,  
Хиуаға бастап олар жүріседі».

Жинақтардағы мәтінде «інісі» деген туыстық мағына беретін сөздің орнына «енесі» болып қате басылған. Дастан мәтінінде мұнан өзге шығарманың мағыналық жағына нұқсан келтіретін тұстар да кездеседі:

«Айтамын қонғанды да, көшкенді де,  
Бара жатыр баяғы Үшбендіге.  
Одан арман әскері қозғалған соң,  
Онан соң, барып қонды Қосбелгіге».

«Қонғанды, көшкенді» деген есімшенің табыс септік тұлғалы сөздер жинақтардағы мәтінде «қонғанда, көшкенде» болып қате берілген.

27 сәуір күні полковник Ивановтың ұрыс даласында жараланғаны жөнінде: «Подполковник Тихменев пен жергілікті жердің ерекшелігімен жете таныс полковник Иванов (бұған дейін Георгий кресімен марапатталған) Хиуа экспедициясынан бұрын Тамдыда болып Әмударияға баратын жолдар туралы мәліметтер жинаған екен, оның үстіне қасына жер жапсарын нақты білетін жігіттерден төрт казак, он бір жігіт, жолбасшы адам алған.

Кешкі сегізден асқанда жақын жерден бірнеше түркмен көрінеді. Көрінген қырдың астынан жүз елудей атты әскер шыға келіп, орыстардың шағын қолын шабуылдайды. Екі жақ та мылтықпен атыса бастайды. Иванов аяғын оқ жарып өтіп, қолына тиген оқ қалып қояды, подполковник Тихменев бетінен жеңіл жарақат алады, казактардың екеуі ауыр жараланып, жігіттердің біреуі өліп, бірнешесі ауыр жарақат алады. Иванов жау қарасын байқаған бойда бір жігітін алдыға барлауға ұзап кеткен сегіз казак пен офицерге хабар айтуға жіберіп үлгереді. Көмекке келген әскердің қою шаңын көп әскер деп ұққан түркмендер майдан даласынан жылыстай беріп, олардың аз екенін аңғарып қайта бұрылып келем дегенше орыс әскеріне атқыштар взводы да көмекке ұмтылады. Әскер қолбасшысы жараланғандарға өзінің жеңіл арбасын жібереді» [8, 34]. «Жігіттердің біреуі өліп» дегені дастандағы қазақ Молдабай болуы мүмкін.

«Көз жетпейді қараса Қызылқұмға,  
Суы тапшы, жолы алыс ұзын құмға.  
«Алдымызда жау бар ма, абайла» деп,  
Иуановты жіберді қарауылға.

....  
Әкімінің айтқанын қылса дұрыс.  
Баспа қылып тұр екен қиуалықтар,  
Тосып тұрып алдынан қылды ұрыс.

Басшысы барып қалып байқамайды,  
Қиуалық шыға келіп айқайлайды.  
Иуанов сарт жігітпен жарадар болып,  
Сойып кетті пышақтап Молдабайды.

Бір соғысып көрсетті қараларын,  
Айырылды алыс қылып араларын.  
Хал Атаға қайтарды Иуановты,  
Доктырға түзетсін деп жараларын».



Алтықұдық бойындағы алғашқы қақтығыс дастанда былай суреттеледі:

«Мал күткен салдаттармен сахарада ұрысып  
Күн шыққан соң әрі қарап қашты Сыздық.

Біраз ұрысып жөнелді Сыздық төре,  
Қарасын оның орыс қалды көре».

11 мамырда Үшошақ түбінде Әмударияға баратын жол маңында Сыздық сұлтан мен патша әскерінің қарулы қақтығысы дастанда көрініс береді.

«Мұсылманның бірталай қосыныменен  
Жалау байлап алдынан үш ту шықты.

Жақын келмей алыстан ойнатты ат,  
Атса да оны өлтірер жаяу салдат.  
Біреуі Сыздық төре, Мәтінияз,  
Үшеуінің біреуі Мәтімұрат.

Үш туды көрді дағы әскер қонды,  
Түнде мылтық атылып қамсап келді.  
Таң атып, күн шыққан соң ол арадан  
Тағы әскер қозғалып көшті енді».

Нағашысы Мәделі батыр ауырып жатқанда көңілін сұрап келген Майлықожа оның ерлікпен өткен өмірін («ертегі қатар ерлігін»), артына қырық мың ләшкер ілестірген қолбасы болғанын, Шұбыртпалы Ағыбаймен найза тірестіргенін, ханның қызы Қалипаны (Кенесарының қарындасы) қалың малсыз алғанын, жас кезінде бәске төрт ширек шыны (11,2 кг) қазы жеп, орыстың (Жизинский деген судья) бәске тіккен төрт жүз сомдық шұбар атын жеңіп алғанын еске алады, Мәделіқожаның батырлық тұлғасын былайша сипаттайды:

«... Хан менен бекке қарсы боп,  
Қасарып мойын имеген.  
Күш сынасқан жерлерде  
Жамбасы жерге тимеген.  
Қаруланып толғанса,  
Қарағай найза қолға алса,  
Аз бен көпті білмеген...  
Дұшпандарың күлкі боп,  
Өзің шер, олар түлкі боп,  
Өтті сондай күндерің,  
Түс көрген бір ұйқы боп...  
Болыс қылды, би қылды  
Сыйлап ел мен жұртың көп...  
Бидайық құстай қырғын боп,  
Тұлпардан туған дүлдүл боп,

Мұсылман мен орысты  
Жасқантып әбден жүрдің сен» [10].

Осындай қаһарман Мәделіқожа ақынның авторлығы аталатын «Хиуа жорығы» дастанында Сыздық сұлтан тұлғасына сәйкес құрметпен бағаланса керек еді.

«Сәлем бердім, алдияр,  
Орын бердің қасыңнан.  
Сен бір қалған көз едің  
Кенесары асылдан.  
Сыздық атың жайылды  
Бұл өңірге жасыңнан.  
Айбатыңды көргенде,  
Дұшпандарың бас ұрған.  
Даңқыңды естіп жүруші ем  
Шартарапқа шашылған.  
Ақ жүзіңді көрген соң,  
Енді мауқым басылған» - деп Жамбыл ақын «Сыздық

сұлтанға» деген өлеңінде жырға қосса, Майлықожа да Сыздық сұлтан турасында:

«Иқанның бір ұрысында ерлік қылды  
Баласы Кене ханның Сыздық төре.  
Орыс барып Тәшкенді алар жылы  
Қайтқан баққа бес-алты ай ие болды» - деп жырлады.

Профессор Өтеген Күмісбаев Мәделі ақынның жарияланған өлеңдеріндегі мәтіндік өзгерістерге мән береді, ақынның жеке жинағын дайындау барысында осы жайды ескеру қажеттігін айта келіп, «Ақындар творчествосын сөз еткенде, текстердің тарихын зерттеуге де мұқият көңіл бөлген жөн» деген ой білдіреді [11, 258].

Қорыта келгенде Мәделіқожа Жүсіпқожаұлының «Хиуа жорығы» дастаны тарихи шындық пен көркемдік шешім, мәтін текстологиясы, басылымдық текстология, атрибуция секілді мәселелер әдебиеттанулық-текстологиялық тұрғыда терең зерттеуді қажет етеді. Біз бұл мақалада осы шығармаға қатысты шешімін табуға тиіс бірнеше мәселенің бар екенін көрсетумен шектелдік.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Түркістан уәлаятының газеті / Құраст.: Ү.Сұбханбердина, П.Әуесбаева, Т.Әлібек, С.Қосан, Т.Әкімова. – Алматы: Ғылым, 2003. – 602 б.
2. Қосан С. Сұлтан Сыздық пен Сыр сұлейлері // Ана тілі. – 2003. – № 3-4.
3. Мәделіқожа: Өлеңдер, толғаулар, айтыстар, дастан, зерттеулер / Құрастырған Т.Айнабеков, Е.Ә.Оспанов. – Алматы, 2007. – 231 б.
4. Мәделіқожа: Өлеңдер, толғаулар, айтыстар, дастан, зерттеулер / Ақын мұрасын жинап зерттегендер: Ә. Оспанұлы, Т. Айнабекұлы. Құрастырған Е.Ә.Оспанов. – Шымкент, 2016. – 392 б.

5. Гродеков Н.И. Хивинский поход 1873 года. Действия кавказских отрядов. – СПб., 1883. – 345+65 с.
6. Хивинская экспедиция 1873 года. Записки очевидца сапёра Е.Саранчова. – СПб., 1874. – 186 с.
7. Мак-Гахан Я.А. Военные действия на Оксусе и падение Хивы. – М., 1875. – 304 с.
8. Экспедиция в Хиву в 1873 году. От Джизака до Хивы. Походный дневник полковника Д.Г.Колокольцова. – СПб., 1873. 71 с.
9. Михайлов А.А. Первый бросок на юг. Научно-популярное издание. – М.: «АСТ»; СПб.: «Северо-Запад Пресс», 2003. – 429 с. / С. 397-416.
10. Майлықожаның Мәделі батыр ауырып жатқанда көңілін сұрай барып айтқан өлеңі / Жүсіпқожа Қалқожаұлы қолжазбасынан жазып алған Тұрсынәлі Айнабекұлы // ӘӨИ: 855-бума, 2-дәптер.
11. Күмісбаев Ө. Ораз молда, Мәделіқожа, Майлықожа // XIX ғасырдағы қазақ ақындары. Алматы: Ғылым, 1988. 352 б. /249-264 б. / 255-260 б.

## МАЗМҰНЫ



<b>Сманов Б.</b> Ел тәуелсіздігі және Мәделі ақын.....	5
<b>Алмат А., Абуов Ә.</b> Мәделіқожа шығармашылығындағы әлеуметтік толғаныс.....	11
<b>Кәлбаева М.</b> Tökmölere (Ozancılar) “Akın” mı Diyelim, yoksa “İrçî” mi?.....	15
<b>Бердиев Х. Байдаров Е.</b> Зангиота топонимининг илдизи диний бағрикенглик тимсоли.....	18
<b>Қосан С.</b> Әрі жырау, әрі би, әрі батыр.....	22
<b>Әлбеков Т.</b> Мәделі қожа мұраларының қолжазба үлгілері.....	27
<b>Рақыш Ж.</b> Мәделі Жүсіпқожаұлының «Хиуа жорығы» дастаны.....	35
<b>Әбжет Б.</b> Жаужүрек батыр әрі жалынды жырау болды.....	42
<b>Тұрсұн Х.</b> Мәделіқожа Сұлтанқожаұлының «Қиуаға жорық туралы» жырының тарихилығы.....	48
<b>Жеңіс Ж.</b> Мәделі қожа және дәстүр сабақтастығы.....	55
<b>Құдайбергенұлы Қ., Құдайбергенова К.</b> Еңкеймеген екеу (Әсілхан Оспанұлы мен Қалтай Мұхамеджановтың өмірлерінің кейбір ұқсас сәттері).....	63
<b>Оспанов Е.Ә.</b> Қанай датқаға айтқан өлеңнің соңғы табылған нұсқасы.....	71
Мәделіқожа өлеңін Қоқанның қайсы ханына айтқан?.....	82
Мәделіқожаның мөрі жайлы.....	88
«Әкең – сүдір, сен – орақ, Мәмедәлі содан-ақ көрмейсің бе кемдігіңді».....	94
Мырзаби оқиғасы – ұлт-азаттық қозғалыстың айғағы.....	102
Мәделіқожа батырдың олжалаған қытайша зеңбірегі хақында.....	106
Мәделіқожаның үш атақты замандасы.....	111
<b>Танауова Ж.</b> Мәделіқожа – батыр, күрескер ақын.....	134
<b>Мирзаходжаев А.</b> Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы жырларындағы тарихи шындық.....	139
<b>Рахымқұлов Д.</b> Түркі-мұсылмандық әскер Ұзынағаш шайқасында.....	146
<b>Zhiyepbayev Y.</b> Yûsuf ve Zelihâ Mesnevisi Üzerine Bir İnceleme.....	168
<b>Өмірбаев Е.</b> «Әділ сұлтан» эпикалық жырындағы тілдік деңгейлердің көрінісі.....	173
<b>Мирзаходжаев А.</b> Қоғам түсінігіндегі қарулы жиһад ұғымының түпкілікті мәні.....	180
<b>Дөрбетхан Ж.</b> Али Ибн Әбу Талибтың Мекке кезеңіндегі тұлғасы.....	186
<b>Айтбекова А.Б., Шилдерханов А.К.</b> Ою-өрнек қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің құрамдас бөлігі.....	195

## МӘДЕЛІҚОЖА

*(Ақын әрі батыр Мәделіқожа Жүсіпқожаұлының  
туғанына 200 жыл толуына арналған)*

Өлеңдер, толғаулар, айтыстар, дастан,  
зерттеулер, фотосуреттер

*Бұл кітап Мәделіқожа ақынның мерейтойына сый ретінде  
құрастырушыдың жеке есебінен жарық көрді.*



Кітапты құрастырған  
*Ералы Әсілханұлы* ОСПАНОВ (Оспанұлы)

Көркемдеп, баспаға дайындағандар:  
*Ералы* ОСПАНҰЛЫ,  
*Эльвира* ТҰРСЫНБАЕВА

e-ospanuly@mail.ru  
+7 701 393 42 24

*Таралымы – 500 дана*  
*Шымкент қаласы,*  
*Оңтүстік Қазақстан облысы*

2016 жыл